

3. Биологический контроль окружающей среды; биоиндикация и биотестирование: учеб. Пособие для студ. высш.учеб.заведений / О. П. Мелехова, Е. И. Егорова, Т. И. Евсеева и др.; под ред. О. П. Мелеховой и Е. И. Егоровой. – М. : Издательский центр «Академия», 2007.- 288 с.

4. Правдин И.Ф. Руководство по изучению рыб. М.:Пищевая промышленность, 1966. – 376 с.

5. Решетников Ю. С., Попова О. А., Кашулин Н. А., Лукин А. А., Амундсен П. - А., Сталдвик Ф. Оценка благополучия рыбной части водного сообщества по результатам морфологического анализа рыб // Успехи современной биологии. - 1999. - Т.119. - 2 - С. 165 - 177.

6. Захаров В.М., Баранов А.С., Борисов В.И., Валецкий А.В., Кряжева Н.Г., Чистякова Е.К., Чубинишвили А.Т. Здоровье среды: методика оценки - М.: Центр экологической политики России. 2000. 68 с.

7. Сидорова А. Ф., Темирханов С. Р. *Dipthychus dybowskii* Kessler - голый осман// Рыбы Казахстана - Алма - Ата, 1986. - Т.3. - С.93-105.

Г.С.Койшыбаева, К.Ш. Нургазы

ОЦЕНКА СОСТОЯНИЯ ГОЛОГО ОСМАНА (*DIPTYCHUS DYBOWSKII*)

ИЗ РЕКИ УЛЬКЕН АЛМАТЫ

Проведено исследование голого османа, населяющего реку Улькен Алматы. Небольшие размеры рыб при высокой упитанности указывают на эвтрофикацию водоема, сопровождающуюся загрязнением токсичными веществами.

Ключевые слова: абориген, ихтиофауна, голый осман, эвтрофикация, антропогенный фактор, индикатор.

G.S. Koishybayeva, K.Sh. Nurgasy

ASSESSMENT OF NAKED OSMAN (*DIPTYCHUS DYBOWSKII*)

FROM THE RIVER ULKEN ALMATY

The research of naked osman fish *Dipthychus dybowskii* from the river Bolshaya Almatinka was carried out. The small sizes of fishes at high fatness specify on eutrofication of a reservoir accompanying with pollutants.

Keywords: aborigine, ichthyofauna, osman, eutrophication, human factor, the indicator.

ӘОЖ 636.32.084.522.2

М. Мустафақызы, Е. Баймәжі

Қазақ ұлттық аграрлық университеті

ДЕГЕРЕС ҚОЙЫНЫҢ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ-ӨНІМДІЛІК ТИПТЕРІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ ЕТ-МАЙ ӨНІМДІЛІКТЕРІ

Андатпа. Алғаш рет «Мәди» ЖШҚ жағдайында өсірілетін дегерес қой тұқымының екінші тұқым ішілік (ұяң жүнді) типінің біртекті жұп таңдау нәтижесінде алынған 4-4,5 айлық қозыларының конституционалдық-өнімділік типіне байланысты ет-май өнімділіктері зерттелінді.

Кілт сөздер: сұрыптау, жұп таңдау, тұқым, ет-май өнімділігі.

Кіріспе

Қазіргі кездері еліміздегі барлық қой және ешкінің саны 18 миллионға жетіп отыр, соның ішіндегі негізгі бөлігі қой өсіретін жеке шаруа қожалықтарының үлесінде болып табылады. Республикамыз бойынша қой шаруашылығын асылдандыру жұмыстарымен Оңтүстік-Батыс мал және өсімдік шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты, Қой шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты, Қазақ ветеринария ғылыми-зерттеу институты, С.Сейфуллин атындағы Қазақ мемлекеттік агротехникалық университеті, Қазақ ұлттық аграрлық университеті айналысады. Қой еті – еліміздің ырысы. Мал шаруашылығының ішінде қой шаруашылығын дамыту әрі өркендету өмірдің сұранысынан туындап отыр. Оның үстіне Елбасы міндеттегендей отандық ауылшаруашылық өнімдерін әлемдік нарықта бәсекелестікке бейімдеу берекенің басы болмақ. Келешекте «қазақы қой» деген бренспен шетелге ет сатылатын болмақ. Бұл – холестерині жоқ тоқты мен қозының жас еттері [1].

Еліміздің кең байтақ жайылымдық жерлерін тұрақты игеру мақсатында табиғаттың аса қатал шөл және шөлейт жағдайында, жыл бойы табиғи жайылымдарды пайдаланып өсірілетін құйрықты қойлардың экономикалық тиімділігі қой өсірудегі басқа бағыттарға қарағанда әлдеқайда жоғары. Бүгінде шаруашылық иелері осындай жалпы өсіп-жетілуі, еттілік, майлылық өнімдері, тезжетілгіштігі, ортаның өзгеру жағдайларына бейімделгіштігі жақсы, әрі арзан, әрі жылдам өнім беретін қой өсіруге көңіл қоюда. Осындай қой тұқымдарының негізгілерінің бірі болып табылатын дегерес құйрықты қойын жетілдіру жұмыстарының, әсіресе, тұқымішілік биязылық және ұяң сүлелерінің шаруашылыққа пайдалы селекциялық белгілерін жетілдірудің маңызы үлкен деп ойлаймыз.

Елімізде өсірілетін құйрықты қой тұқымдарының ішіндегі құйрықты дегерес қойының, соның ішінде биязылау жүнді тұқымішілік сүлесінің алатын орны ерекше. Себебі, биязылау жүнді дегерес қойлары сапалы ет-май өнімділігімен қоса биязылау жүн беретіндігі. Бұл дегеніміз отандық ғалымдарымыздың керемет жетістіктерінің бірі. Бұл аталмыш қой тұқымы 1980 жылы КСРО Ауыл шаруашылық министрлігі шешімімен өз алдына жеке қой тұқымы болып бекітілген. Қазір елімізде дегерес қойының екі түрлі тұқым ішілік типтері (биязылау және ұяң жүнді тұқым ішілік типтері) өсіріледі. Алматы облысы, Жамбыл ауданындағы "Мәди" жеке шаруа қожалығына (бұрынғы "Ақтерек" қой совхозы) дегерес қойы 1994 жылы алғаш рет әкелініп әрі-қарай жетілдіру жұмыстары жүргізілуде. Осыдан келе 1997-ші жылдан бастап Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылық министрлігі шешімімен құйрықты дегерес қойын өсіретін асыл тұқымды шаруашылық ретінде бекітілді. Қазіргі уақытта құйрықты дегерес қойын республикамыз бойынша 7 асыл тұқымды шаруашылықтарда (Алматы облысында "Мәди", "Күнгей", "Ақбоз" және Қарағанды облысында "Бабатай", "Сәрсенбек", "Шорманов", "Жәмші") өсірілуде [2].

Зерттеу әдістері

Ғылыми жұмыстың негізгі өндірістік бөлімі, 2012-2014 жылдар аралығында құйрықты дегерес қой тұқымына жаңа аймақ болып саналатын Алматы облысы, Жамбыл ауданындағы бұрынғы Ақтерек совхозында орналасқан «Мәди» асыл тұқымды жеке шаруа қожалығында жүргізілді.

Ауыл шаруашылық малдары онтогенезінің заңдылықтарын, оның ішінде биологиялық тұрғыдан алғандағы қалыптасу негізін және шаруашылыққа пайдалы селекциялық белгілерінің жетілуін анықтау үшін олардың жасына қарай экстерьерлік ерекшеліктерін, конституциялық типін, ет-май өнімділіктерін зерттеудің маңызы зор.

Бұл мақаланың негізгі мақсаты ұяң жүнді дегерес қой тұқымының аталық және аналық малдарын конституциялық өнімділік типтеріне қарай біртекті (гомогенді) жұп таңдау нәтижесінде алынған ұрпақтарының ет-май өнімділіктерін зерттеу болып табылады.

Көптеген ғалымдардың тұжырымдауына қарағанда, малдың дене бітімі немесе конституциясы деп организмнің нәсілдік, анатомиялық-физиологиялық құрылым ерекшелік негізінде қалыптасқан, өнімділік сипаты мен сыртқы орта факторларының әсеріне қайтаратын жауабын анықтайтын жалпы ішкі және сыртқы қасиеттерінің жиынтығын

айтады. Ал мал бір тұқымға жатқызылғанмен оның әртүрлі дене бітімінің қалыптасуы организмнің жеке даму жағдайларына байланысты. Малдың дене бітімінің қалыптасуына ішкі және сыртқы бірқатар факторлар әсер ететіндігі көпке мәлім [3].

Жоғарыда аталған мәліметтерді ескере отырып біз, «Мәди» асыл тұқымды жеке шаруа қожалығында өсірілетін дегерес қой тұқымының ұяң тұқым ішілік типін конституциялық өнімділігіне байланысты екі топқа (етті (Е) және жүнді (Ж) бағытта) бөлдік. Соның ішінде (Е) топтағы қойлардың дене бітімдері ірі, сүйектері мықты, бұлшық еттері жақсы дамыған, жүн талшықтары қысқа және сирек орналасқан яғни ет-май өнімділік бағытына лайық малдар алынса, ал (Ж) топтағы қойлардың тері жабына қалың, жүн өнімділігі бағытына лайық малдар алынды. Сонымен қатар, сұрыпталынып алынған үш жарым жасар аналық саулықтардың әрбір тобына бір бастан, осы қой тұқымының элита класына жататын, дәл осындай конституциялық өнімділік бағыттағы негізгі тұқымдық қошқарлар тағайындалды.

Қойларды қолдан ұрықтандыру науқаны кезінде тәжірибеге алынған саулықтарды олардың әртүрлі конституциялық – өнімділік типтеріне қарай бір текті (гомогенді) жұп таңдау әдісі бойынша қолдан ұрықтандырылады (1-кесте).

1 – кесте Жұп таңдаудың сызбасы

Аталық, аналық малдар және топтар		Жұп таңдау әдісі	Алынған төл топтары
♂	♀		
Етті	Етті	Біртекті (гомогенді)	I
Жүнді	Жүнді	Біртекті (гомогенді)	II

Ұяң жүнді дегерес қой тұқымының аталық және аналық малдарының әртүрлі конституциялық – өнімділік типтеріне байланысты олардан алынған ұрпақтарының ежелерінен бөлгендегі ет-май өнімділіктерінің деңгейлерін зерттеу үшін алынған, барлық топтағы қошқарлар мен саулықтар және олардан туған төлдер бірдей жағдайда азықтандырылу мен қатар, бір қойшының қол астында күтіп-бағылады.

Тәжірибеге алынған 4-4,5 айлық төлдердің ет-май өнімділік деңгейлерін анықтау үшін олардың әр тобынан 3 бастан қалыпты өсіп-жетілген еркек қозылар таңдалып алынды.

Зерттеу нәтижелері

Зерттеудің зер заты ретінде, «Мәди» асылтұқымды жеке шаруа қожалығында өсірілетін құйрықты дегерес қойының ұяң жүнді тұқымішілік сүлесінің ет және жүн өнімділігі бағытына лайықты деген малдар аталық пен аналық және олардан алынған төлдері алынды. Қазіргі уақытта «Мәди» асылтұқымды жеке шаруа қожалығы еліміздегі құйрықты дегерес қой тұқымын өсіретін негізгі шаруашылықтардың бірі болып табылады.

Сондықтан да, «Мәди» асылтұқымды шаруашылығында жүргізілгендей ұяң жүнді дегерес қой тұқымы қозыларының конституциялық-өнімділік типтеріне байланысты олардың 4-4,5 айлық мезгілдеріндегі ет-май өнімділігін анықтау үшін шаруашылық жағдайында бақылау үшін сою жұмыстары жүргізілді.

Тәжірибеге алынған қозылардың ет-май өнімділіктерін анықтау барысында олардың нәтижелері топ аралық салыстырылды (кесте-2).

2-кесте. Қозылардың 4-4,5 айлығындағы бақылау үшін сою нәтижелері

Көрсеткіштер	Топтар	
	Етті	Жүнді
Соляр алдындағы салмағы, кг	38,3	36,5
Ұша салмағы, кг	17,6	16,03
Ұша шығымы, %	45,9	43,9
Құйрық салмағы, кг	1,63	1
Құйрық шығымы, %	4,2	2,73
Іш май салмағы, кг	0,55	0,53
Іш май шығымы, %	1,43	1,45

Сойыс салмағы, кг	19,45	17,5
Сойыс шығымы, %	50,7	47,9
Сұрпы ет салмағы, кг	14,12	12,5
Сұрпы ет шығымы, %	80,2	77,9
Сүйек салмағы, кг	3,4	3,4
Сүйек шығымы, %	19,2	21,2
Еттілік коэффициенті	4,03	3,05

Еркек қозыларының 4-4,5 айлықтарындағы немесе ежелерінен бөлгендегі ет-май өнімділік көрсеткіштері, барлық топ бойынша да жеткілікті жоғары деңгейде екені анық, мысалы: ұша салмағы 16,03-17,6 кг, сойыс салмағы 17,5-19,45 кг аралығында. Сонымен, екі топтағы қозылардың ұшалары доғал формаларымен, бұлшық еттерінің жақсы жетілгендерімен ерекшеленетінін айта кеткен жөн.

Біздің сынақ мәліметтерімізге қарағанда, төлдерді бақылау үшін сою нәтижесінің негізгі көрсеткіштері бойынша етті топтағы қозылардың ұша шығымы жүнді топтағы қатарластарына қарағанда -8,92 %, сойыс шығымы -5,5 %, сұрпы ет шығымы -2,8 % басым түскен.

Қорытынды

Қорыта келгенде, тәжірибеге алынған 4-4,5 айлық қозылардың ет-май өнімділіктері осы қой тұқымының өзіне тән ерекшеліктеріне сай екендігі көрініп отыр, дегенменде оларды топ аралық салыстыратын болсақ, алғашқы топтағы яғни етті бағыттағы аталық және аналық малдарды бір текті жұп таңдау нәтижесінде алынған төлдердің ет-май өнімділіктері жоғары екендігі анықталды. Бұл дегеніміз, малдың конституциясы неғұрлым ірі болса оның ет-май өнімділігі жоғары болады деген сөз.

Әдебиеттер

1. Қ.С.Сабденов., Т.К.Бексейітов., М.А.Абдуллаев., Е.И.Исламов., Б.Т.Құлатаев. Қой шаруашылығы.- Павлодар: 2010.- 11 б.
2. Баймәжі Е.Б. «Биязылау жүнді дегерес қойының жүн сапасына байланысты селекциялық белгілерінің өзгергіштігі». А-ш.ғ. канд.ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған дисс. Алматы, 2008 ж .
3. Садыкулов Т.С. Методы совершенствования дегересской мясо-шерстной породы овец. Дисс на соис.док с-х наук. Алматы 1985.

М.Мустафакызы, Е.Б.Баймажи

МЯСО-САЛЬНАЯ ПРОДУКТИВНОСТЬ ДЕГЕРЕССКИХ ОВЕЦ В ЗАВИСИМОСТИ ОТ ИХ КОНСТИТУЦИОНАЛЬНО-ПРОДУКТИВНЫХ ТИПОВ

Впервые в условиях ЧПХ «Мади» изучены мясо-сальная продуктивность ягнят второго типа (полугрубошерстный) дегересской породы в зависимости от конституционно-продуктивных типов, которые получены путем гомогенного подбора в возрасте 4-4,5 месяцев.

Ключевые слова: подбор, одбор, порода, мясо-сальная продуктивность.

М.Mustafakzy, E.B.Baimazhi

GREASY MEAT PRODUCTIVITY DEGERESS SHEEP ACCORDING TO THEIR CONSTITUTIONAL- PRODUCTIVITY TYPES.

First in terms of thoroughbred farms studied «Madi» greasy meat productivity lambs of the second type degrees breed depending on constitutional-productivity types that are obtained by selecting homogeneous aged 4-4,5 months.

Key words: selection, selection, breed, greasy meat productivity.